

ӘӨЖ 304.44

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Абдуллина Жансая Хайратовна

zhansaya.abdullina@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Мәдениеттану мамандығының 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Ч. Рамазанова

Әйел мәселесі, құқығы және оның қоғамда алатын рөлі ғасырлар бойы өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Жалпы, 1789 жылдың 26 тамызында Францияда қабылданған Азаматтық және адам құқығы декларациясы бойынша «барлық адам туғанынан бір-бірімен тең және еркін, бұл табиғи заңдылық болып саналады» делінген. Әрбір адам өз нәсіліне, тері түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлктік, тектік-топтық немесе өзге де жағдайларға қарамастан, қандай да бір айырмашылықсыз барлық құқықтар мен бостандықтарға ие. Қоғам болғандықтан сан түрлі пікір мен әртүрлі көзқарас болуы мүмкін, сондықтан мемлекеттің ішкі қоғамында ер мен әйел құқықтары мен теңдігі мәселесі де көтерілді. Ерлер мен әйелдер құқығы мен теңдігі туралы мәселені алғаш рет Ұлы француз революциясының идеологтары шеше бастады. XV ғасырларда көптеген мемлекеттерде әйелдің білім алуы мүмкін емес болды, саяси дауыс иесі немесе таңдау құқығына ие болмады. Миллиондаған адамдарға сансыз апат әкелген және көптеген халықтарды жойылу шегіне қойған Екінші дүниежүзілік соғыс жынысы мен жасына қарамастан соғыс шебіндегі барлық халыққа зардабын тигізді.

Осының барлығы адам құқығы проблемасын шешуге және адам құқығын қорғау механизмін іздеуге алып келді.

Сондықтан, соғыс аяқталғаннан кейін көп ұзамай құрылған алғашқы қадамдардың бірі 1945 жылдың маусымында Біріккен Ұлттар Ұйымы, 1948 жылдың 10 желтоқсанында Адам құқықтары хартиясының - Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылдануы болды. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының кіріспесінде «барлық халықтар мен барлық мемлекеттер қол жеткізуге ұмтылуы тиіс, стандарт ретінде қарастырылуға тиіс» деп жазылған. Тек ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы мәселе әлемдік деңгейге жете бастағанда ғана, бұл мәселелер қоғамда жойыла бастады. Бұрын әйел адамның міндеті үйде отырып тамақ пісіру, үй жинау сияқты тұрмыстық жұмыстармен шектелсе, қазіргі уақытта әйел өз қалаған жұмысын атқаруға, қоғамға, мемлекетке өз үлесін ерлермен тең қызмет етуге құқығына ие. Бұл орайда Сюзан Энтонидің еңбегі зор.

Сюзан Энтони – әйелдердің азаматтық құқығына күрескен американдық белсенді әйел. Оның белсенділігі бүкіл өмір бойы жалғасты, кейіннен ол құлшылықпен күрес жөніндегі американдық қоғамда Нью-Йорктің өкілі болды, сондай-ақ әйелдердің құқықтарын қорғау бойынша көптеген ұйымдарды құрды. Энтони қызмет жолын мұғалімдіктен бастап, содан кейін директор болып жұмыс атқарды және ол қызметінде ер адамдардың еңбегі табысты болғанын, әйел мен ер адамның жалақысын төлеуде көптеген әділетсіздіктерді көреді. Өмірін осы мәселені шешуге арнады. Энтони секілді ерлер мен әйелдердің еңбек ақысын төлеудегі мәселелерді шешуде, әйелдердің дауыс беру құқығына ие болуда көптеген басқа да белсенділер болды. Тарихтан байқайтынымыз, белсенділердің ұстанымдары мен Адам құқығы Хартиясы, Декларациясымен мәмілеге келу арқылы ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке қол жеттік. Бірақ көптеген оқшауланған қоғамдарда бұл мәселе әлі де басты назарда. Сондықтан, әйел құқығы бұрынғысынша Халықаралық адам құқығының ең өткір мәселелерінің бірі болып қала береді және адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын қабылдағаннан бері өткен уақыт ішінде ол мәселені түсінуімізде көп нәрсені қайта қарауға мәжбүр етті. Адамдардың теңдігі идеясы ғасырлар тереңінде. Бірақ адамдар тобын қандай да бір белгі бойынша кемсітуге тыйым салу үшін жүз жылдықтар талап етілді.[1]

Әйелге қай елде болмасын, қандай жағдайда болмасын зорлық-зомбылықпен келісуге болмайды, бірақ мәжбүрленген кездерді, жағдайларды көптеп кездестіреміз. Әйелге қатысты зорлық-зомбылықтың көптеген формалары кездеседі, ол – физикалық, сексуалдық, психологиялық және тұрмыстық. Зорлық-зомбылықтың бұл түрлері әйелдің өмірге келуінен басталып және егде жасқа жеткенге дейін де жалғасады.

Әйел саудасы сияқты зорлық-зомбылықтың кейбір түрлері бір қоғамнан тыс шығып, мемлекетаралық деңгейге шығады. Физикалық және психикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің денсаулықтары бұзылып, зардап шегеді. Сол себепті қоғамдық өмірге толыққанды қатыса алмайды. Ондай жағдай өз алдына қоғамдағы отбасы институтына зиян келтіреді және сол қоғамның ішіндегі зорлық-зомбылықтың басқа да түрлерін күшейтуге ықпал етеді. Бұндай зорлық-зомбылық белгілі бір мәдениетпен, өңірмен немесе елмен шектелмейді, ол қоғамдағы әйелдің нақты бір орны немесе ролімен де шектелмейді.

Әйелдерге көрсетілетін зорлық-зомбылықтың тамыры әйелдерді тұрақты кемсітуде жатыр. Көптеген әйелдер кемсітушіліктің көптеген түрлеріне және зорлық-зомбылықтың жоғары тәуекеліне тап болады. Бұл мәселе адам құқықтары мен әйелдердің негізгі бостандықтарын бұзу болып табылады, сондай-ақ оларға осы құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға кедергі келтіреді немесе мүмкіндік бермейді. Әйелдер көп жағдайды мынадай түрдегі кемсітуге ұшырайды: ұрып-соғу, жыныстық зорлық-зомбылық, жұмыста қорқыту, әйелдер саудасы мен жезөкшелікке мәжбүрлеу және әйелдерге залал келтіретін басқа да түрлерді қоса алғанда, отбасында орын алатын физикалық, психологиялық, тұрмыстық зорлық-зомбылық.

Елімізде адам құқығын қорғауда «Сорос-Қазақстан» қоры Әйелдер құқын қорғау бойынша арнайы жоба жүргізуде. Оған «Әйелді аяла» ақпараттық науқаны мен «Жиімді кінәләма» және «Ұят» атты көрмелерді жатқызуға болады. Өкінішке қарай, қазіргі таңда

әйелдердің құқығын таптап, зорлық-зомбылыққа жол беру көбейіп барады. Дегенмен БАҚ көздерінен бұл мәселелерді ашық көрсете алу және заңнамалық түрде қатаң жаза қолдану шаралары да жүзеге асырылуда. Қазақ халқының тарихында ер мен әйел арасындағы гендерлік мәселе белгілі. Бұл мәселені «Алашорда» ұйымы көтерді, олар былай деген: «Әрбір әйел тарих субъектісі ретінде кәсіпқойлықты интеллектуалдық пайдалана алады. Алайда, қазақ халқының әйелдері ерлермен тең билік етуді ойламайды»[2].

Қазақ халқының ғасырлық дамып-өнуі, көптеген тарихи күйзелістерді бастан өткеруі арқасында бүгінгі таңдағы қазақ елі ер мен әйел теңдігі мәселесін шешті деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде саяси аренада әйелдер өздерін жеке тұлға ретінде көрсете білді. Экономикалық-саяси саладағы қиын кезеңге қарамастан әйелдердің мәртебесі көтерілді. Мемлекет тарапынан отбасы институтына, ана мен бала жағдайын жақсартуға жыл сайын кешенді іс-шаралар өткізіледі. Сондай-ақ, елімізде әйелдер міндетті орта білім деңгейімен шектелмей, жоғары білім алу мүмкіндігі де бар. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ете отырып, Қазақстан саясатта, оның ішінде ер мен әйел арасындағы тең құқықты белгілеу, тең құқылық туралы Мемлекеттік кепілдіктер, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласында прогрессивті қадамдар жасады[3].

Бүгінгі қоғамда ерлер атқаратын жұмысты әйелдер де жасай алады. Әйелдер саясатпен, бизнеспен айналысып, қоғам өміріне белсене араласуда. Тіпті, соңғы кезде әйелдер ерлерге тән ауыр атлетика, бокс, шығыс жекпе-жегі сияқты қара күшті қажет ететін спорт түрлерімен де жаппай айналыса бастады. Яғни, қазіргі қоғамда әйел мен ердің теңдігін нақты іс жүзінде көріп отырмыз. Гендерлік теңдік әйел мен ердің теңдігін көздейді. Олар өз өмірлері мен мүмкіндігіне сай билік таңдауы мен қоғам дамуына тең дәрежеде ықпал етуі тиіс. Әйел мен ердің бірдей құқықтары мен міндеттері болуы тиіс.

Адамның жеке тұлғалық алғышарттары оның жынысымен ғана емес, басқа да факторлармен де байланысты. Олардың өмірлік тәжірибелері мен қоғамдағы қызығушылықтары, атқаратын рольдері де әртүрлі болуы мүмкін. Феминистік қозғалыс әйелдер мен ерлердің қоғамдағы құқықтары мен міндеттерінің бірдей болуы үшін барынша жұмыс істейді. Бірақ қазір барлығы феминизмді жете түсінбейді. Олардың ойынша феминизм – әйелдің ер адамнан жоғары болуы. Бұл дұрыс емес. Әйел ұзақ жылдар бойы үй ошағының сақтаушысы болған, ал сыртқы әлемге деген көзқарастың барлығын ер адам өзіне алған. Бұл, әрине, оған әйелді мәртебесінен әлдеқайда төмен деп санауға құқық берді. Бірақ бүгінгі технологиялық прогресс жағдайында феминизм мәселесі түбегейлі өзгерді.

Қазіргі қоғамдағы әйелдің ерекше мәртебесі мен міндеті бар, оның бүгінгі әлемде әйел рөлін қайта қарауға мүмкіндік беретін басқа құндылықтар мен қажеттіліктер пайда болды. Қазіргі қоғамдағы әйелдің рөлі үй бойынша міндеттерді орындаумен, балаларды күтумен, олардың тәрбиесімен және заңды жұбайына қызмет етумен шектелмейді [4].

Статистика бойынша әйелдер ерлермен тең дәрежеде қоғамның әлеуметтік өміріне қатысады. Жұмыспен қамту деңгейі шамамен бірдей ~50%. Жалақы ерлер пайдасына 33% - дан көбірек құрайтын болғанда проблема туындайды. Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы бұл әйелдердің жалақысы аз қызмет салаларында – білім беру мен денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтіндігіне байланысты.

Әйелдер билікте болған сайын, әсіресе мемлекеттің саясаты инклюзивті деп есептеледі. Мұнда біз дамудың оң динамикасын көріп отырмыз – ҚР Парламентінде 33 әйел. 2011 жылмен салыстырғанда екі есе артқан.

ҚР Президентінің №384 Жарлығына сәйкес биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарындағы әйелдердің үлесі 2020 жылға қарай 22%-ды, 2023 – 25 %-ды, 2030 – 30%-ды құрауы ықтимал. Әйелдердің кәсіптік жолындағы проблемалары:

бірінші себеп – қазақстандық әйел жұмыста да, үйде де орналастырылуы тиіс. Әйелдерге барлық үй міндеттері мен бала күтімі бекітілген;

екінші себеп – отбасы міндеттеріне нұқсан келтіріп жұмыс істеу, немесе мансаптан бас тарту немесе жауапты лауазымдарда аз болу;

үшінші себеп – әйелдер көбінесе табысы аз "дәстүрлі" қызмет салаларында жұмыс істейді.

Батыс елдеріндегі әйел көшбасшылығының басты кедергілерінің бірі – білімге тең қол жеткізу. Біз суретте көріп отырғанымыздай, Қазақстанда жағдай өзгеше. Білім алуға еркін қолжетімділікке қарамастан, бала күтімімен жіне отбасылық жағдаймен байланысты терең проблемалар туындайды.

әстүрлі қазақстандық қоғамның құндылықтары мен әйелдердің кәсіби немесе тұлғалық өзін-өзі жетілдіруде батыстық ұстаным қақтығысады. Диссонанс пайда болады: бір жағынан жақсы ана мен ерлі-зайыптылар рөлінде өзін көрсету, екінші жағынан – табысты мансапты әйел бейнесін құруға тырысу. «Шығармашылық бастама әйелдер Лигасы» Мемлекеттік бағдарламалар мен заңдарды қабылдау жеткіліксіз, Үкіметтің қоғамдық институттармен тығыз байланысы және әйелдің рөліне қатысты дәстүрлі стереотиптік ойлауды өзгерту жөніндегі шаралар қажет деп санайды.[5]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.google.kz/amp/s/www.storyboardthat.com/ru/biography/susan-%25D0%25B1-%25D0%25B0%25D0%25BD%25D1%2582%25D0%25BE%25D0%25BD%25D0%25B8/amp>
2. Политическая концепция гендерного равенства, мировой и отечественный опыт (время активной деятельности партии «Алаш» (1917-1920) // <http://www.biografia.kz>
3. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин / резолюция Генеральной Ассамблеи ООН 34/180 от 18.12.1979 г.
4. TheVillageKazakhstan журналы, 13 желтоқсан, 2019 ж.
5. И. Юн: Инфографика Вуро 24/7: роль женщины в казахстанском обществе.